

**Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде
бұзылысы бар балалармен түзету жұмысын
жүргізу барысында бейдәстүрлі әдістерді
қолдану жолдары**

Наурызбайқызы Айгүл

Зерттеу мақсаты



Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен түзету жұмысын жүргізу барысында бейдәстүрлі әдістерді қолданудың теориялық негіздерін ғылыми әдістемелік тұрғыда айқындап, күнделікті іс-тәжірибеде қолданудың әдістемелік кешенін жасау, оны эксперименттік байқаудан өткізу.

Зерттеу міндеттері:

Психикалық және қимыл-қозғалыстық дамуының көрсеткіштеріне сәйкес мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың даму деңгейін анықтау.

Зерттеу көрсеткіштері мен сөйлеу тілінің даму деңгейі арасындағы байланыс ерекшеліктерін зерттеу:

- жалпы және ұсақ моторикасы дамуын;
- үйлесімділік сақтау қабілеттерін;
- таным үдерістерін.

Психикалық және физиологиялық дамуын есепке ала отырып сөйлеу тілі бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейдәстүрлі әдістердің тиімділігін анықтау және жетілдіру.

Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың психикалық және физиологиялық қызметін түзете-дамытуға бағытталған бейдәстүрлі әдістерді қолдану педагогикалық үдеріс болып табылады.

Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға бейдәстүрлі әдістерді қолдану жолдары

Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға түзету жұмысын бейдәстүрлі әдістерді қолдана отырып жүзеге асырса, олардың психикалық қызметін, қимыл-қозғалыстық қабілетін және сонымен қатар, сөйлеу тілі қызметінің құрылуын жақсартып, түзетеді деген тұжырым бар.

Психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға бейдәстүрлі әдістерді қолдану бойынша тапсырмалар мен жаттығулардан және зерттеудің технологиясын өңдеуден тұрады. Баланың жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес, түзету-дамыту жұмыстарын іске асыру бойынша тапсырмалар мен жаттығулар кешені арнайы мектепке дейінгі түзету мекемелерінің логопедтеріне қажетті.

✓ **Психикалық дамудың тежелуі** - бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі.

«Психикалық дамудың тежелуі» түсінігі орталық нерв жүйесінің органикалық және функционалдық жетіспеушілігі кезіндегі бала әрекетіне байланысты қолданылады. Бұл балаларда есту, көру, сөйлеу, тірек-қимылдың бұзылуы, интеллектінің бұзылуы болмайды. Психикалық дамудың тежелуі клиникалық картинасы тәртіптің күрделі формаларының дамымауы, мақсатты түрдегі әрекетке түсудің жетіспеушілігі, энцефалопатиялық бұзылулармен түсіндіріледі.

Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі қалыпты балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде.

Психикалық дамудың тежелуі

ұрықтық кезеңдегі
ОНЖ-нің
зақымдануынан

СОЗЫЛМАЛЫ ауру

инфекциялық,

ҚОРЫТЫНДЫ

- ❑ Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілі бұзылған балаларға ерте түзету жұмыстарын жүргізу тиімділігі.
- ❑ Бүгінгі күнге дейінгі арнайы мекемелерде бейдәстүрлі әдістерді қолданып балаларды сөйлеуге дағдыландыру міндеттерін орындау, балалардың ұғымына қарай ертегіні толық, жүйелі түрде мазмұнын әңгімелеп және өз ойын жүйелі жеткізе білуге баулу.
- ❑ Балалардың сөйлеу тіл әрекеттерінің барлық операциялары әр деңгейде қалыптаспаған болып келеді: мотивациясының әлсіздігі, сөз арқылы қатынас жасау қажеттілігі төмен, байланыстырып сөйлеу бағдарламасын іске асыруының бұзылыстары байқалады.
- ❑ Біз түзету жұмыстарын жүргізу арқылы жақсы нәтиже ала аламыз.

Бейдәстүрлі әдістер арқылы мектепке дейінгі жастағы психикалық дамуы тежелген сөйлеу тілі бұзылған балалардың тілдерін дамыту үшін ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінде дефектолог төмендегі қорытындылар мен ұсыныстарды ескеруі керек:

- Қазіргі таңдағы бейдәстүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мультимедиялық құрылғылар құнды құрал болып табылады.
- Заманауи әдістерін психикалық дамуы тежелген балаларының ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде барынша пайдалану.
- қазіргі кездегі педагогикалық талаптардың бірі және балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда тиімді нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.